

РЕЗЮМЕ

Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Алға ауданы

Телефон: 87711600654

E-mail: tomirisalibaeva1@gmail.com

Тегі, аты-жөні:

Алибаева Томирис Алтынбековна

Жеке мәліметтер

Туған күні: 04.05.2006

Ұлты: қазақ

Отбасы жағдайы: бойдақ/тұрмыс құрмаған

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі

2012–2020 жж. – №1 Алға орта мектебі, 9-сыныпты үздік аяқтады.

2021–2025 жж. – Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі, мамандығы: Қазақ тілі және әдебиеті. Бітірген жылы: 2025 (қызыл диплом)

Кәсіби дағдылар

- Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі
- Сабақ жоспарын құру, оқу бағдарламаларын меңгеру
- Электронды журналдармен және құжаттармен жұмыс
- Оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыс
- Әдістемелік, шығармашылық тапсырмалар әзірлеу
- Тілдік құзыреттілікті дамыту әдістері

Жеке қасиеттер

- Жауапкершілік
- Тиянақтылық
- Еңбекқорлық
- Коммуникабельділік
- Шығармашылық ойлау

- Ұқыптылық
- Стресс жағдайында жұмыс істей алу

Тілдік дағдылар

- Қазақ тілі – жетік
- Орыс тілі – еркін
- Ағылшын тілі – бастапқы деңгей

Қосымша ақпарат

- Компьютермен жұмыс: Word, PowerPoint, электронды жүйелер
- Құжаттарды сауатты рәсімдеу
- Педагог ретінде үнемі кәсіби дамуға қызығушылық

Жас маманмен жұмыс жоспары

Мақсаты: Жас маманның кәсіби шеберлігін қалыптастыра отырып, ізденімпаздыққа,

іскерлікке дағдыландыру

Міндеті: Оқу бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын қадағалау

Сауалнама жүргізу арқылы, жұмыс қарқындылығының динамикасын анықтап отыру

№ к/с	айлар	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
1	қыркүйек	Жас маманмен сұхбаттасу «Мектептің жұмыс режимімен және ішкі тәртібімен таныстыру» ҰМЖ және ҚМЖ құрастырылуы бойынша әдістемелік көмек беру Мектеп кітапханасының кітап қорымен таныстыру	Мектеп құжаттарын толтыру бойынша көмек беру Жаңа оқу жылындағы балдық жүйенің шкаласымен таныстыру Оқыту барысында сабақ жүргізуге нақты әдістемелік көмек беру	Жас маманға қысқа мерзімді жоспар жасауға көмек беру Сабақ барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану жолдарын бірлесе талқылау Оқу тапсырмаларын дайындау тиімділігін үйрету	Жас маманнан сауалнама алу Жұмыс барысында кездескен қиындықтарын анықтау арқылы кәсіби шеберлігінің деңгейін саралау. Өзіндік даму тақырыбын анықтау
2	қазан	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары және bilimklass порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылау Жас маман сабағына қатысып, әдістемелік көмек беру	Жас маманмен: «Оқушының дәптерімен, күнделігімен жеке іс қағаздарымен» қашық-тықтан оқыту барысында қалай жұмыс істеу қажет екенін талқылау Оқу бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын саралау	Жас маманның сабақ жоспарын бірлесе дайындап, тиімді отуіне, тәлімгер ретінде әдістемелік көмек беру БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын, қорытынды шығару жолдарын, бағалау шкаласын талқылау	Жас маманға I тоқсандық қорытынды шығару бойынша, жиынтық бағалау қорытындысын жасау, есеп тапсыруға бағыт-бағдар беру Жиынтық бағалауды жинақтап, оқу жетістіктерін критериалды бағалау үлгісін толтыруын қадағалау

3	караша	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		<p>Оқу бағдарламасының орыңдалуын бақылау, жас маманның жоспарының сәйкестігін қадағалау</p> <p>Оқу бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын бақылау</p>	<p>Жас маманның сабағына қатысып әдістемелік көмек беру</p> <p>Сабақ жоспарын жасау, қысқа мерзімді жоспар жасауда сабақтың қай бөліміне басымдық беру қажет екенін түсіндіру</p>	<p>Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары және bilimklass порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылау</p> <p>Жас маман сабағына қатысып әдістемелік көмек беру</p>	<p>Кәсіби шебер мұғалім қалыптасуына сынып жетекшісінің ықпалын айқындау</p> <p>Сынып жетекшісінің құжаттарымен таныстыру</p>
4	желтоқсан	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		<p>Оқушы мінездемесін жазудың жолдарымен таныстыру</p> <p>Жас маманның пед.ұжымға тез қалыптасуына, өзін еркін сезінуіне ықпал жасау</p>	<p>Өз сабағына қорытынды жасай білуге бағыт-бағдар беру</p> <p>Жас маманды тәлмігер ретінде сабаққа қатыстырып, кері байланыс алу</p>	<p>Кәсіби шебер мұғалім қалыптасуына сынып жетекшісінің ықпалын айқындау</p> <p>Сынып жетекшісінің құжаттарымен таныстыру.</p> <p>Жас маман сабағына қатысып әдістемелік көмек беру</p>	<p>Жас маманға II тоқсандық қорытынды шығару бойынша, жиынтық бағалау қорытындысын жасау, есеп талсыруға бағыт-бағдар беру</p> <p>Жиынтық бағалауды жинақтау, оқу жетістіктерін критериялды бағалау үлгісін толтыруын қадағалау</p>
5	қаңтар	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
			<p>I жарты жылдыққа жас маман жұмысына қорытынды жасау</p> <p>Оқушымен ортақ тіл табыса білу жолдарын талқылау. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдай алуды түсіндіру</p>	<p>Kundelik, bilimland.kz порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылау</p> <p>Тәлімгер ретінде сабаққа қатыстырып кері байланыс алу</p>	<p>Жас маманның өзін-өзі дамыту жоспарын талқылап, жұмысын бақылау</p> <p>Жас маман сабағына ену, әдістемелік көмек беру</p>
6	а қ	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта

		Ашық сабақ дайындауға көмек беру.Сабақтың әр кезеңіне бағыт-бағдар беру	«Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» тақырыбынды әдістемелік көмек беру	Әдістемелік көмек беру мақсатында жас маманның сабығына ену,қорытынды жасау	Оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолдары тақырыбын талқылау Жас маманды тәлімгер ретінде сабаққа енгізу
7	наурыз	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		Ашық сабақ дайындауға көмек беру.Сабақтың әр кезеңіне бағыт-бағдар беру	Мектеп әкімшілігімен бірлесе жас маманның ашық сабағына қатысу Жас маманның пед.ұжымға тез қалыптасуына,өзін еркін сезінуіне ықпал жасау	БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын, қорытынды шығару жолдарын, бағалау шкаласын талқылау	Жас маманға ІІІ тоқсандық қорытынды шығару бойынша,жиынтық бағалау қорытындысын жасау,есеп тапсыруға бағыт-бағдар беру
8	сәуір	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		«Оқушылардың жеке іс қағаздарымен жұмыс жүргізу ережесімен»таныстыру	Сабақ жоспарын дайындау.Сабақты жүргізу барысында,өзін-өзі бағалай білуге баулу,қайталау сабақтарын маңызын түсіндіру	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын қадағалау	Тәлімгер ретінде мектеп әкімшілігіне есеп тапсыру Жас маманның жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру
9	мамыр	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
		Жас маман бойында берілген тапсырманы дер кезінде орындау жауапкершілігін қалыптастыру Мұғалім портфолиосындағы жетістіктер мониторингісін шығару	Kundelik,bilimland.kz порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылап ,жылдық қорытынды шығаруға дайындық жүргізу	БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын алып, қорытынды шығару Оқушылардың оқу үлгерімін,білім сапасын анықтау	Оқу бағдарламасының орындалуын саралау Журнал жүргізіп,жылдық қорытынды шығаруға көмек беру Жиынтық бағалауды жинақтау, оқу жетістіктерін критериялды бағалау үлгісін толтыруын қадағалау

ТӘЛІМГЕР ЕСЕБІ

Мен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жас маман Алибаева Томирис Алтынбековнаның кәсіби дамуына тәлімгерлік ету барысында оның педагогикалық қызметіне жүйелі түрде бақылау жүргізіп, талдау жасадым. Жас маман өзінің еңбек жолының алғашқы кезеңінен бастап мектепшілік, қалалық және облыстық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, кәсіби біліктілігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше қызығушылық танытып келеді. Оның негізгі мақсаты – заманауи білім беру талаптарына сай кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету жолында жас маман сабақ үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізуді, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытуды, әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуды және өз тәжірибесін жетілдіруді негізгі міндеттері ретінде айқындаған.

Алибаева Томирис Алтынбековна 04.10.2025 жылы Ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» атты облыстық мерекелік іс-шараға қатысып, хор құрамында өнер көрсетіп, мектеп абыройын арттыруға үлес қосты. Сонымен қатар, ол 12.11.2026 жылы Қ.Сәтпасв атындағы ОМЛ базасында өткен «Тілдік дағдыларды дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді таңдау жолдары» тақырыбындағы шеберлік сыныбының үш отырысына қатысып, тәжірибесін жетілдірді. Жас маманның өткізген сабақтарына жүргізілген талдау оның сабақ жоспарлау мен өткізуде жүйелілік пен жауапкершілік танытатынын көрсетті. Атап айтқанда, 27.11.2025 күні 4 «В» сыныбында өткізілген «Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын» тақырыбындағы сабағында оқу мақсаттары бағдарламамен толық сәйкестендіріліп, «Желпуіш», «Үш шапалак», «Синквейн» сияқты белсенді әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды. Сабақ барысында бағалаудың «Табыс баспалдағы», «Смайликтер» сияқты түрлері пайдаланылып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары орынды қолданылып, Абайдың қарасөздері арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыларға терең жеткізе білді. Сабақ соңында «Жетістік индексі» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіліп, оқушылардың өзіндік бағалау дағдылары қалыптастырылды.

Жас маман тек оқу үдерісімен ғана шектелмей, шығармашылық бағытта да белсенділік танытып келеді. 10.12.2025 жылы «Шабьт шырағы» жас ақындар клубының мүшесі ретінде «Жаныма жалау болып, жыр маралы» атты тұсаукесер кешіне қатысып, өзінің шығармашылық қабілетін көрсетті. 09.02.2026 жылы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған поэзиялық кеште оның өлеңі «Шабьт шырағы» жинағында жарық көріп, жас маманның шығармашылық әлеуетінің жоғары екендігін дәлелдеді.

Сонымен қатар, ол әртүрлі апталықтар мен сайыстарға белсенді қатысып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуде. Атап айтқанда, 12–16.01.2026 жылдары ағылшын тілі апталығы аясында өткен «Quiz show» интеллектуалдық ойынында топ құрамында I орын иеленсе, 24.01.2026 жылы өткен «Здоровый учитель – успешная школа» атты спорттық жарыста II орынға ие болды. Сондай-ақ, «Ақбөбек» лицейінде өткен «Ал, жазайық» жобасы аясындағы шеберлік сыныптарына қатысып, цифрлық технологияларды қолдану арқылы эссе жазу әдістерін меңгерді.

02–06.02.2026 жылдары «Жас мамандар апталығы» аясында 12.02.2026 күні 3 «Б» сыныбында «Бәйтерек неге ұқсайды?» тақырыбында ашық сабақ өткізіп, заманауи әдіс-тәсілдерді, оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдана білді. Бұл сабақ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік

және шығармашылық дағдыларын дамытуға оң ықпал етті. Аталған апталық қорытындысында жас маман «Инновация шебері» номинациясымен марапатталды.

Жас маманның кәсіби дамуына бағытталған семинарларға қатысуы да жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Ол 18.02.2026 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы облыстық семинарға, сондай-ақ 23.02.2026 жылы «Дискретті мәтіндер: тест тапсырмаларын құрастыру әдістемесі» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысып, сертификаттарға ие болды. Сонымен қатар, 25.02.2026 жылы өткен «TEZ TAP» QUIZ ойынында топ құрамында «Бас жүлде» иегері атанып, 28.02.2026 жылы «Педидея» алаңында өз тәжірибесімен бөлісіп, әріптестерімен тәжірибе алмасты.

Алибаева Томирис Алтынбековнаның жетекшілігімен оқушылар да түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетуде. Оның шәкірттері қалалық және облыстық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, мектеп мәртебесін көтеруде. Бұл жас маманның оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізетінін және олардың қабілетін аша білетінін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Алибаева Томирис Алтынбековна – жанашылдыққа ұмтылатын, өз кәсіби дамуына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық әлеуеті жоғары жас педагог. Ол оқу-тәрбие үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, оқушылардың білім сапасын арттыруға және жан-жақты дамуына ықпал етуде. Алдағы уақытта да өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіріп, педагогикалық шеберлігін шыңдайды деген сенім білдіремін.

Тәлімгер:  Мухамбеталина М.К.